

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ҚОБЫЗ АСПАБЫ: ШЫҒУ ТЕГІ мен ТҮРЛЕРІ



ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІ – ХАЛЫҚТЫҢ САН ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАЛПЫ МӘДЕНИЕТІНІҢ БІР БӨЛІГІ, ҰЛТТЫ ЕРЕКШЕЛЕЙТІН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ. МӘДЕНИЕТ ОЛ ӘРҚАШАН ХАЛЫҚТЫҢ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІГІМЕН, ТАРИХЫМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА, ҮНДЕСТІКТЕ ҚАЛЫПТАСАДЫ. МУЗЫКА – АДАМНЫҢ ІШКІ ӘЛЕМІНІҢ КӨРІНІСІ, СОНДАЙ-АҚ ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ ӨМІРІНІҢ БЕЙНЕСІ.

Осыдан 30 жылдай бұрын Болат Сарыбаев Сібір халықтарының музыкалық мәдениетін дамытудағы міндеттердің бірі – ұлттық музыкалық аспаптарды қайта жаңғырту және жетілдіре түсу деген болатын.

Музыкалық аспаптардың этникалық шығу тарихын, рухани-әлеуметтік тегін, халықтың сан ғасырлық тұрмысы мен сабақтастығын қарастырған зерттеу еңбектер көптеп жазылды. Халықтың музыка мен музыкалық аспаптарының пайда болуын және даму жолдарын зерттеу қазіргі таңдағы міндетті жұмыстардың бірінен саналады. Түркі халықтарының музыкалық мұраларын осы заманға дейін жеткізіп келген музыкалық аспаптардың орны ерекше. Осы бағытта түркі музыкасын, оның ішінде түркі музыкалық аспаптарын тереңдете зерттеген, зерттеп жүрген ғалымдар қатарына **Әл-Фараби**, В. Беляев, В.С.Виноградов, Т.Вызго, А.Эйхгорн, сынды көптеген ғалымдар

абырғы, авырға, нырғы, сыбызғы, шоор;

Тілшелі аспаптар: шаңқобыз, комус, хомус;

Ұрып ойналатын аспаптар – даңғыра, дунгур, дунур, тунур, туур және басқалар.

Ыспалы аспаптар ішінде түркі тілдерінің біразында кездесетін қобыз аспабы өте көне, тарихи аспап. Кобыз/кобыз/кыяк/гиджак/каманча – аттың жалынан тартылған екі ішекті, іші қуыс аспап. Төменгі бөлігі кішірек, терімен жабылған, жоғарғы бөлігі ашық келеді.

«Кобыз» атауының этимологиясы туралы кейбір зерттеушілер мынадай ғылыми болжам ұсынады.

І.А.Эйхгорн өзінің «Полная коллекция музыкальных инструментов народов Средней Азии и Казахстана» атты еңбегінде қауыз – іші қуыс, екі ішекті ысқышты аспап деп түсіндірді. Эйхгорн «кобызды» (кыяк/гиджак) ішекті аспаптардың ең алғашқысы және кыргыз-қазақ өміріндегі маңызды аспап

келісімі кезінде түріктердің «күпі» деген аспапта әсем әуенді музыка орындағаны айтылады. Оның үні қытайлықтарды таңқалдырған. «Күпі/күбі» – қазақ ұғымында іші қуыс ыдыс. Демек құрылымы мен мағынасы жағынан қауыз бен күпі ұқсас.

3.Рашид ад-Диннің «Шежірелер жинағында» кыпшақ – іші қуыс ағашты білдіреді. Осы дерекке қарап кобыз – кыпшақ тайпасының ортасында туған, сойтіп алғаш іші қуыс, бірде күбі, бірде қауыз деген семантикаға ие болған музыкалық аспап екендігін көреміз.

4.Кобыз атауына қатысты қырғыз ғалымы К.Сейдахметов «Қырғыз тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде»: «Комуз байырғы түрк тилинде кобы сөзу «көңдей» маанисин берген. Ына ушул сөзгө – з мүчөсү желгануудан кабыз сөзу келіп чыккан. Жалкы сөзүне – з мүчөсү уланып, кайра эле аға мааниси бирдей болгон жалгыз сөзу жасалган сыяктуу кобы сөзүнөн жасалган кобыз да ошондай эле аани берген», – деп көрсетеді.

Көрнекті ғалым, шығыстанушы Самойлович Хиуа аймағын аралап, аспаптардың біразын жинастырған. Олардың қатарына жоғары аталған: танбур, кобуз (кобыз), гиджак, буламан, сурнау, дилин-тюдюк, нагора және

рай қобызшысының аспабы болған екен, кейіннен қобыз қазақтар мен қарақалпақтар арасында ғана кеңінен қолданылған.

Кейбір тіл мамандарының пікірі бойынша, «кобыз» терминінің этимологиясы коп/коб түбірінен шыққан. Көне түркілік аспаптың сыртқы пішініне қарай да аталған деген деректер келтіреді. Өзге де деректер бар, мәселен, әзірбайжан ғалымдары: «коп/гоп» – жоғары, «уз» – сиқырлы үн, дыбыс.

Түркі халықтар арасында кобыз аспабының ыспалы аспап ретіндегі түрінен бөлек, шертпелі және үрмелі аспап ретіндегі типтері кездеседі:

Кобыз атауы туралы академик Ахмет Жұбановтың мынадай пікірі бар. «Бірқатар халықтарда кобызға ұқсас комуз, кобус, кобза, ағаш комус деген аспаптар бар. Кобыз негізінде ұзақ замандар бойы бақсының қолында болған. Сондықтан қазақ тілінде кездесетін кейбір сөздерге қарағанда кобыз бақсының өзін білдіретін сөз болуы да мүмкін. Мысалы: кобыз қ- дыбысы түсіп қалып, обыз, келе-келе об, аб-қа айналып, абыз болып кетуі де мүмкін. Қазақта бұрын сәуегейді, бақсыны абыз деген» дейді.

Кобыздың пайда болуы туралы аңыз-әңгімелер көп. Түркі халықтарының біразында да кобыз аспабы кездеседі әрі түркілер оның негізін салушы Қорқыт деп таниды. Қорқыт Ата – түркі халықтарына ортақ жырау, қобызшы. Оның өмірі туралы аңыздар көп. Ол Сырдария бойында оғыз-кыпшақ тайпалық бірлестігінен шыққан жыршы.

Халық арасында Қорқыттың кобыздың

теулердің көпшілігі негізінен Хунай-ибн-Исхак, Әбу Иакуба әл-Кинди (801-886), Бану Мұса, ибн-Аби әд-Дүнна, Абу Тайнба ас-Сарахси, әл-Муфаддала ибн-Салам, Ибн Хурдазби, Әбу Райхан Бируни (973-1048) сынды ортағасырларда өмір сүрген ойшыл-ғұламалар, зерттеушілер арқылы мәлім болды.

IX-X ғасырларға жағатын тарихи жазба деректерде музыка аспаптары мен аспаптану ғылымына қатысты Аристотель «Жан туралы» (Китаб фи н-насер), Гален «Музыка туралы» (Китаб ас-савт), Ибн Аби ад-Дүнна «Музыкалық аспаптарды талдау» (894), Аль Муфаддала ибн Салам «Музыкалық аспаптар туралы кітап» (902), Сабит ибн аль-Курра «Замр аспабы туралы кітап» (Китаб фи алат аз-замр), Әл-Кинди (801-886) «Ішекті аспаптар туралы кітап» (Китаб аль-мусавви-ата аль-ватрийа), Ибн Худзабих «Ойын және музыкалық аспаптар туралы кітап» (Китаб ал-лаху уа л-малахи) сынды өзге ғалымдар да аспаптануға қатысты жазба мұраларды қалдырды. Осы мұраларға К.Закс, Мұхаммед Ғазали, Рашид Субх Әнвар, Әл-Хифни Махмұт Ахмад, Ас-Саррф Әбд әл-Әмір, А.Х.Қасымжанов, А.В.Джумаев сынды ғалымдар пікірлер білдіріп, еңбектер жариялады.

Ежелгі түркі жазба ескерткіштерінде аттары аталатын кейбір аспаптар халық арасында күні бүгін де сол күйінде қолданылып жүр. Жоғарыда айтылған халықтардың бір тектес аспаптарының жасалу құрылысында, тұрмыста қолдануында, даусында, тартылу-ойнау әсілдерінде бір-біріне ортақ, ұқсас жайттар көп.

Шертіп ойналатын аспаптар: шертер, хомыс, топшуур, дошпулур, чарты кобус, шерчен комус; жетыген, чатхан, чаттыган, чадаган;

Үрлеп тартылатын аспаптар: бұғышак,

көмегімен жырлаған. Көбінесе шамандар (баксылар) «жаман күштерді» қуу үшін кобызға түрлі қоңырауларды тағып, оны рәсімдерінде қолданған.

2.И.Бичурин еңбектерінде 680 жылы көшпелі тайпалар мен қытай елінің бір

«дугара» деп жазады Самойлович. Сондай-ақ хиуалық әйелдер арасында кобуз жақсы таралған. Самойловичтың жинағына 1908 жылы алынған кобуз – екі ішекті ысқымен ойналатын аспап. Ол сол замандардағы соңғы са-

құима құлақ болып өседі. Сол кездегі аспаптардың бәрінде ойнайды екен. Алайда, ол оған қанағаттанбай, адам мен жануардың үнін, табиғаттағы құбылыстар мен дыбыстарды жеткізетін жаңа бір аспап жасағысы келеді. Сан ойланып – толғанады. Ол қарағай ағашын кесіп алып, одан бір нәрсенің жобасын жасайды. Бірақ ары қарай не істерін білмей киналады. Осылай күндер өте береді. Бір күні шаршап отырып, көзі ілініп кетіпті, түс көреді. Түсіне бір періште енеді. Ол балаға: «Қорқыт, жаққан кобызың алты жасар нар атанның жілігіндей екен. Енді оған нар терісінен жасалған шанақ ортекенің мүйізінен ойылған тиек, бесті айғырдың құйрығынан тартылған қыл ішек жетпей тұр. Осылар болса, аспабың сайрағалы тұр екен» деген кеңес береді. Қорқыт ұйқысынан ояна сала осы айтылғанның бәрін жасайды.

«Қарағайдың түбінен
Қайырып алған кобызым.

Үйеңкінің түбінен
Үйіріп алған кобызым.

Желмаяның терісін
Шанақ қылған кобызым.

Ортекенің мүйізін
Тиек қылған кобызым.

Бесті айғырдың құйрығын
Ішек қылған кобызым.

Құлағыңды бұрайын
Осы айтқаным болмаса,

Қайырып жерге ұрайын!» - деп кобызды қолына алған сәтте аспап боздап қоя беріпті. Сонда кобыз үнін бар табиғат, ұшқан құс, ескен жел, жүгірген аң бәрі тоқтай қалып, құлақ түре тыңдапты.

Шакизат САРСЕН,
Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті
Шығыстану факультеті,
Түркітану мамандығының
магистрі

№	Қобыздың түрі	Халқы	Сипаттамасы
1	Ағаш кобыз	қазақ	Жұқа ағаштан тілшесі салынып, жіппен тартқылап ойналатын үрмелі-тынысты аспап.
2	Ағаш кобыз	дағыстан	Тұтас ағаштан жасалған, тілшесі жұқа қамыстан орнатылған аспап.
3	Демир хомус	хакас	Шанағы тұтастай металдан жасалған, ортасында тілшесі сапалы темірден жасалған аспап.
4	Жыгач комуз	қырғыз	Тұтас ағаштан жасалған, ортасындағы жұқа тілшесінің екі жағына да жіп тағылып, соны тартқылап отырып ойнайтын аспап.
5	Комыс темир	алтай (телеуіт)	Шанағы тұтастай металдан жасалған, ортасында үн беретін тілшесі бар аспап.
6	Комус	саха	Шанағы тұтастай темірден жасалған, тілшесі металдан жасалған.
7	Кубыз	башқұрт	Тұтас металдан жасалған, тілшесі темірден жасалған аспап.
8	Кулузун хомус	тыва	Шанағы мен тілшесі ағаштан жасалатын тілшелі аспап.
9	Кобыз (кобыз)	татар	Тұтастай металдан жасалған, ортасындағы жұқа тілшесі темірден салынған үрмелі аспап.
10	Мас хомус	саха	Шанағы мен тілшесі сапалы металдан орнатылған аспап.
11	Соок хомус	тыва	Шанағы мен тілшесі металдан жасалған аспап.
12	Темир комуз	қырғыз	Шанағы металдан, тілшесі темірден жасалған аспап.
13	Темир комыз	шор	Шанағы тұтас металдан, тілшесі жұқа темірден жасалған аспап.
14	Темир кобыз	алтай	Шанағы тұтас темірден жасалған, жұқа тілшесі металдан орнатылған аспап.
15	Гурбалах хомус	сібір түркілері, якут	Түтікшесі қаңылтырдан жасалған, 4 дыбыс ойығы бар үрмелі аспап.
16	Тілшелі хомус	саха	Түтікшесі жезден жасалатын, дыбыс ойығы бар тынысты аспап.
17	Шан кобыз	каракалпак	Металдан тілшесі орнатылып, шанағы тұтас темірден жасалған аспап.
18	Шан кобыз	қазақ	Тұтас темірден жасалатын аспап. Ортасында жұқа металдан жасалған тілшесі бар.
19	Шың кобыз	долған	Шанағы тұтас металдан, тілшесі темірден салынған аспап.
20	Чанг кобуз	чуваш	Шанағы темірден, тілшесі сапалы металдан жасалған аспап.
21	Чуар хомус	саха	Түтікшесі бар, темірден жасалған аспап.
22	Шелер хомус	тыва	Шанағы металдан, тілшесі темірден орнатылған аспап.
23	Ыяш хомус	тыва	Шанағы мен тілшесі сапалы металдан жасалған аспап.
24	Хомыс	сібір түркілері	Қамыстан жасалатын тынысты аспап, ортасында тілшесі бар.
25	Хомус	саха	Шанағы темірден, ортасындағы тілшесі екі айыр етіліп металдан орнатылады.